

Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлерін орналастыруға арналған жаңадан салынған мемлекеттік тұрғын үйді Астана қаласының әкіміне беру туралы<*> ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.25. N 1197 қаулысымен. ~P981197

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 қазандағы N 1448

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Астана қаласына көшірілетін жоғары және орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлерін орналастыруға арналған мемлекеттік тұрғын үй қорын ұстау және пайдалану мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Астана қаласында салынып жатқан тұрғын үйлердің тапсырыс иесі болып табылатын жоғары және орталық мемлекеттік органдар жаңадан салынған мемлекеттік тұрғын үйлерді Астана қаласының әкіміне берсін.

1-1. "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының , тұрғын үй құрылысының тапсырысшысы ретінде сатудан түскен қаражатты міндетті түрде "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорының шотына аударып, кейін белгіленген тәртіппен жеке адамдар мен заңды тұлғаларға баланстық құнынан кем болмайтын бағамен сату үшін жаңадан салынған мемлекеттік тұрғын үйдің 10%-не дейінін өз балансында қалдыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.25. N 1197
қ а у л ы с ы м е н .

2. Астана қаласының әкімі бұдан әрі пайдалану және ұстау үшін жоғары және орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік тұрғын үйін балансына қабылдасын.

3. Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғын үйді беру және бөлу туралы шешімді тұрғын үйге тапсырыс беруші қабылдайды деп белгіленсін. 4. Астана қаласының әкімі Астана қаласының 1998 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған бюджетін жасау кезінде осы қаулының 1-тармағына сәйкес берілген мемлекеттік тұрғын үйді ұстау мен пайдалануға қажетті қаражат көздесін. 5. Астана қаласының әкімі осы қаулының орындалуын қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі